

Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 тамыздағы "Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы" № а-6/248 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № а-5/106 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 тамыздағы «Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы» № а-6/248 (нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 4384 болып тіркелген, 2014 жылдың 17 қазанында «Жаңа дәуір» және «Сельская новь» газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ж.Шәуеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Қиықов